Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы «      »
№      қаулысымен
бекітілген

**«Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидалары**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидалары «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және «Үздік педагог» атағын иеленушіге (бұдан әрі – иеленуші) сыйақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Сыйақы білім беру саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) аталған мақсаттарға тиісті қаржы жылына көзделген бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі, ол иеленушінің ағымдағы шотына бір рет аударылады.

3. Сыйақы 1000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

## 2. «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу тәртібі

4. Конкурс нәтижелері жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде иеленуші сыйақы алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) иеленушінің таңдауы бойынша екінші деңгейдегі банктерде ашылған ағымдағы шот нөмірі туралы мәліметтер.

5. Құжаттар толық және дұрыс болған жағдайда құжаттар түскен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде иеленушінің ағымдағы шотына сыйақыны аудару жүргізіледі.

___________________________